

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 628 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 853 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 10, 94-құжат; 2003 ж., № 8, 79-құжат; № 49, 558-құжат; 2005 ж., № 32, 424-құжат; 2007 ж., № 3, 35-құжат; 2008 ж., № 38, 404-құжат; № 44, 495-құжат, 2009 ж., № 40, 388-құжат; 2013 ж., № 7, 148-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

4-тармақтың 11) тармақшасындағы «өндіру болып табылады.» деген сөздер «өндіру ;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12), 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

«12) электр моторлары, генераторлар, трансформаторлар, электр тарату және бақылау аппаратурасының өндірісі;

13) электр өткізгіштер мен электр өткізгіш аспаптар өндірісі;

14) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес қызмет түрлерін тікелей жүзеге асыруға арналған объектілерді салу және пайдалануға беру болып табылады.»;

2) «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі № 1605 Жарлығына (Қазақстан

Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 28, 344-құжат; 2008 ж., № 41, 455-құжат; 2013 ж., № 7, 148 - құжат) :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде :

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«4. АЭА аумағындағы басым қызмет түрлері:

- 1) киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдарын шығару;
- 2) өзге де тоқылған және трикотаж бұйымдарын шығару;
- 3) үлбірден және теріден тігілетін киімді қоспағанда, киім шығару;
- 4) иірілген, тоқылған және әрлендірілген бұйымдар шығару;
- 5) киімнен басқа, тоқыма емес бұйымдар шығару;
- 6) кілемдер мен кілем бұйымдарын шығару;
- 7) ағаш қоймалжыңын және целлюлоза шығару;
- 8) қағаз және қатырма қағаз шығару;
- 9) теріні илеу мен өндіруді, үлбірді өңдеу мен бояуды қоспағанда, тері өнімін шығару ;

10) жазу қағазы бұйымдарын шығару болып табылады.»;

3) «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймақ құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 24 қарашадағы № 181 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 2, 17-құжат.):

аталған Жарлықпен бекітілген «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде :

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«4. АЭА аумағындағы қызметтің басым түрлері:

- 1) металлургия өнеркәсібі;
- 2) машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарын жасау;
- 3) авиациялық, автомобиль және мотоцикл қозғалтқыштарынан басқа, қозғалтқыштар мен турбиналарды жасау;
- 4) автокөлік құралдарын, трейлерлерді және жартылай тіркемелерді жасау;
- 5) компьютерлер, электрондық және оптикалық бұйымдарды жасау;
- 6) электр жабдықтарын жасау;
- 7) химия өнеркәсібі өнімдерін жасау;
- 8) резеңке және пластмасса бұйымдарын жасау;
- 9) құрылыс материалдарын және металл емес минералдық өнімдер жасау;
- 10) гидравликалық жабдықты жасау;
- 11) өзге сорғыларды, компрессорларды, тығындар мен қақпақшаларды жасау;
- 12) өзге де шүмектер мен бұрандаларды жасау;
- 13) подшипниктерді, тегершіктер мен тісті берілістердің элементтерін және жетектерді жасау ;

- 14) плиталарды, пештерді және пеш оттықтарын жасау;
- 15) көтеру және тасымалдау жабдықтарын жасау;
- 16) қол электр құралдарын жасау;
- 17) өнеркәсіптік тоңазыту және желдету жабдығын жасау;
- 18) сұйық минералдарға арналған тазалау аппараттарын жасау;
- 19) сұйық минералдарды немесе ұнтақтарды өндіруге, диспергациялауға немесе тозаңдатуға арналған жабдықты жасау;
- 20) мұнайды тазалауға, химия өнеркәсібіне, сусындарды өндіру жөніндегі индустрияға арналған тазалау жабдығын жасау;
- 21) центрифугаларды (қаймақайырғыштар мен кептіру аппараттарынан басқа) ж а с а у ;
- 22) судың кері циркуляциясы арқылы тікелей суыту үшін су суыту бағандарын ж а с а у ;
- 23) ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы техникасын жасау;
- 24) металдарды қысыммен өңдеуге арналған жабдықты жасау;
- 25) өзге де металл өңдейтін станоктарды жасау;
- 26) металлургияға арналған машиналар мен жабдықты жасау;
- 27) тау-кен өндіру өнеркәсібіне, жерасты жұмыстарына және құрылысқа арналған т е х н и к а н ы ж а с а у ;
- 28) тамақ өнімдерін, сусындарды және темекі бұйымдарын өндіруге және қайта өңдеуге арналған жабдықты жасау;
- 29) тоқыма, тігін, үлбір және тері бұйымдарын дайындауға арналған жабдықты ж а с а у ;
- 30) қағаз бен қатырма қағазды дайындауға арналған техниканы жасау;
- 31) резеңкені, пластмасса мен басқа да полимер материалдарды қайта өңдеуге арналған жабдықты жасау болып табылады.».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н.Назарбаев